



Автор: Кенжебекова Айгул Арыстановна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

Тақырып: Етістік

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.6.1 Белгілі бір тақырып бойынша мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін, салыстырып ,ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтау .
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар : Етістікті естеріне түсіреді Көбі жасай алады : Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасайды . Кейбірі жасай алады : Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады .
Тілдік мақсаттар:	Берілген тақырыптар бойынша мәтін мазмұнын айта алады
Күтілетін нәтиже:	Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады
Бағалау критерийлері:	Мәтіндерді салыстырады ,етістіктерді біледі
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Компьютерді қолдану
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану
Бастапқы білім:	жіктеу есімдіктерінің септелуі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	Сәттілік біздер тілейік , Мен саған, сен маған Күндей күліп жүрейік , Күннің нұрын төгейік Мен саған,сен маған "Мен сөз таптарын білемін" ойынын ойнату арқылы білімдерін тексеріледі	
Сабақтың ортасы (20 минут)	Мәтінді оқу . 59-жаттығу .Оқушылар мәтінді мұқият оқиды .Мәтінді бөліктерге бөліп,оларды өзара салыстырады .Мәтіннің қайсысы ғылыми-танымдық,қай бөлігі көркем мәтін екенін анықтайды . 60-жаттығу Ребусты шеш . Ребусты шешіп ,шешуіндегі сөз туралы не білетіндіктерін талқылайды . 61-жаттығу Жұмбақты жатқа жазу .Жұмбақтан етістіктерді тауып, астын сызу .Етістіктің дара және күрделі екендігін анықтау. 62-жаттығу .Етістіктерді теріп жазу .Берілген етістіктерден туынды етістіктерді теріп жазу .Туынды етістіктерді дәлелдеу .	
Сабақтың соңы (7 минут)	"Бағдаршам " әдісі арқылы ұжыммен жұмыс. Әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылады .Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тыңдап, бағдаршам түстеріне сәйкес карточкаларды көрсету арқылы бағалайды жасыл түс -негізгі ойды түсініп, мазмұнын толық ашқан қызыл түс -мазмұнын ашқан,әңгіме жүйелі құрылмаған сары түс -мазмұнын толық ашпаған,тақырыптан ауытқыған .	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (6 минут)	"Қорытындыла " айдары . Әңгіменің негізгі ойын анықтаңдар Үй тапсырмасын беру	